



«ЕЛ БОЛАМ  
ДЕСЕҢ,  
БЕСІГІНДІ  
ТҮЗЕ!»

2-бет



«БАСПАСӨЗ  
КАРТАСЫ»  
ЕРКІНДІККЕ  
КЕДЕРГІ

3-бет



ХАС  
СҮЛУДЫҢ  
ЖАЗЫҒЫ  
НЕ?

8-бет

# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru  
№94 (3625) 12 желтоқсан 2023

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,  
Қызылорда облысының  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының төрағасы:

## «ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫ ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ»

Ұлы дала өркениетінде сот билігінің қалыптасуы мен белсенді дамуында билер соты ерекше орын алады. Бүгінгі зайырлы мемлекеттің де әділетті Ата Заңы мен қара қылды қақ жаратын адал төрешілері бар. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Мырзатаева Гүлжан Жалғасбайқызы осындай әділетті төрешілердің бірі. Жан-жақты, сауатты, ашық, ізденімпаз маман төреліктің барлық баспалдағынан абыроймен, ерекше кәсібилікпен өтіп келеді.

Еңбек жолын 1999 жылы Қызылорда облыстық сотының бас маманы қызметінен бастап, Қызылорда облыстық сотының кеңсе меңгерушісі, кеңсенің бақылау және құжат айналымы бөлімінің бастығы, Қызылорда қалалық сотының судьясы қызметтерін атқарған Гүлжан Жалғасбайқызы бүгінгі таңда облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы. Білікті маман, құрметті басшымен жауапкершілігі ауыр судьялық қызмет пен сот саласы жайлы әңгімелестік.

– Сот жүйесіне қызметке келген уақытыңыздағы тәлімгерлеріңіз есіңізде ме? Олар жайлы не айтар едіңіз?

– Әр судьяның өзіндік әдісі, жұмыс істеу тәртібі бар. Бірақ мені алғаш жұмысқа қабылдаған уақытта Қызылорда облыстық сотының төрағасы болған Сақалов Болат Зиядаұлы өзінің жұмысқа деген өте мұқияттылығымен есімде қалыпты.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСҚА ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ



Әлемде адам өліміне және елеулі материалдық шығынға әкелетін табиғи және техногендік апаттар көбейіп кетті. Халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік статистикалық органдар мәліметтері соңғы 22 жыл ішінде олардың 75 пайызға артқанын айтып отыр. Жер сілкінісі, су тасқыны, тайфун, цунами, өрт, құрғақшылық және басқа да апаттар дүние жүзінде мыңдаған адамдардың жарақат алып, қаза табуының ғана емес, тұрғын үйлер мен өндірістік ғимараттардың, инфрақұрылымдардың қирауының себебі болуда. Елдердің экономикасы елеулі зардап шегуде.

МІНБЕР

## СУДЬЯ – МӘРТЕБЕЛІ ЛАУАЗЫМ

Бірақ судья болуға қызығушылар аз

Елімізде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес атқарушы билік, заң шығарушы және сот билігі қалыптасқан. Судья – биліктің үш тармағының бірі ретінде қалыптасқан сот билігін жүзеге асырушы лауазым иесі.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Судьяға конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде атқару құқығы берілген. Судья сот актілерін Қазақстан Республикасы атынан шығарады. Судьяның құқықтық жағдайы Конституциямен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңымен және өзге де заңдармен айқындалады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы конституциялық заңының 29-бабы бойынша: ау-

дандық соттың судьясы болып: отыз жасқа толған, жоғары заң білімі, жоғары мораль-

дық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған, медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін денсаулығында мін жоқ екендігін растайтын, негізгі жұмыс орнынан

Судья мәртебесі, оның қызметін жүзеге асыруда мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Осыған қарамастан жергілікті соттарда судья санының жетіспеуі байқалады. Мәселен, бүгінде Атырау облысының соттарында 21 судьялық штат бос тұр. Құрманғазы аудандық сотының төрағасы штатының бос тұрғанына үш жылдан астам уақыт болды. Осыдан келіп мәртебелі судья лауазымының осыншама уақыт бос тұруы, жалпы жастардың судья болуға талпындайтыны ойландырады.

қолүзіп, сотта ақы төленетін тағылымдамадан ойдағыдай өткен және тағылымдама қорытындысы бойынша соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңында көзделген жағдайларда полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі немесе кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар азамат облыстық соттың судьясы бола алады. Заңгерлік кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілі бар, оның кемінде он жылы судьялық жұмыс өтілі болатын, оның ішінде бес жыл облыстық соттағы судьялық жұмыс өтілі бар, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын алған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

Судьялар ауыстырылмайды әрі тәуелсіздігі конституциямен және заңмен қорғалады, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде осы екеуіне ғана бағынады. Оған қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайдан басқа ретте ешкімнің тиіспеуіне, қызметіне ешкімнің араласпауына заң жүзінде кепілдік беріледі. Судьяға тиіспеушілік оның жеке басына, меншігіне, ол тұратын тұрғын үй және қызметтік үй жайларға, ол пайдаланатын жеке және қызметтік көлік құралдарына, оған тиесілі құжаттарға және өзге де мүліктеріне тиіспеушілікті қамтиды.

(Соңы 2-бетте)













